



АЙГАК

Gazet Qazaqstan Jymalstika Akademiasynyń "Alytn Juldız", Qazaqstan Jymalister odaqynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERYBAEV atyndagy sylyqtarynyń, "Alytn júrek" sylygynyń iegeri



ҚАЗАҚТЫҢ ЕЖЕЛГІ САЛТТАРЫНЫҢ БІРІ «БЕТАШАР» ЮНЕСКО ТІЗІМІНЕ ЕНДІ



Бұл туралы өзінің Facebook парақшасында Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин жазды.

«Жаңа ғана Парагвай астанасы Асунсьонда ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны қорғау комитетінің отырысында қазақтың ежелгі салттарының бірі Беташар Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының Репрезентативтік тізіміне енгізілді», - деп жазды Ерлан Қарин.

Беташар – қазақ халқының келін түсіру дәстүрі мен салттарының бірі. Басты мақсаты – жаңа түскен келінді ауыл-аймаққа, туыстарына таныстыру, оның отбасындағы орнын, мәртебесін айқындау. Сонымен қатар, бұл дәстүрдің тәрбиелік мәні өте зор. Беташар арқылы келінге отбасы мен жұртшылықтың ықыласы мен құрметі көрсетіледі, сондай-ақ оның жаңа өмірге, жаңа ортаға бейімделуіне, отбасы мүшелерімен ара-қатынас орнатуына көмектеседі.

Беташар рәсімінде келіншек шымылдықтың ішінде отырады. Оның басына орамал жауып, тойға жиналған халықтың алдында ең жақын, үлгілі келіндер оны екі жағынан қолтықтап алып шығады. Бұл рәсімнің өзі ерекше мәнге ие. Келіннің екі жағында тұрған әйелдер көбінесе жесір, жеңілтек, немқұрайлы адамдар болмауы тиіс. Бұл арқылы жаңа түскен келінге үлгі боларлық, өнегелі жандардың қолдау көрсетілгені маңызды.

Орамалдың ұшы домбыраның мойнына не тақтың ұшына байланып, жырау беташар жырын бастайды. Бұл жырда шаңыраққа жаңа түскен келінге үй-ішін, ата-енесін таныстырып, олардың кім екенін, қандай туысқандық жақындығы барын жеткізеді. Әрқайсысына жеке-жеке сөлем жасатылып, осы арқылы үйдің қадірлі адамдары мен келіннің жауапкершілігі айқындалады. Сонымен қатар, сөлем алған әр адам өз сыйылатын береді. Бұл сыйлықтар жаңа түскен келіннің үй ішіндегі рөлін, оның отбасындағы орнын белгілейді.

Беташар өлеңінде отбасындағы үлгілі әйел қандай болуы керек деген ой толғаныстары мен халықтың гасырлар бойы қалыптасқан әдеп нормалары мен адамгершілік дүниетанымы көрініс табады. Бұл өлеңдерде әйелдің тәрбиелік рөлі, оның отбасындағы орны, ұрпақ тәрбиесіндегі айрықша рөлі жайлы терең ойлар мен кеңестер айтылады. Беташар тек салт емес, ол – қазақ қоғамының адамгершілік құндылықтары мен отбасылық дәстүрлерінің айшықты көрінісі.



Сурет www.Google.kz сайтынан алынды

30-ҒА ЖУЫҚ АУЫЛ «ІШІМДІКСІЗ АУЫЛ» ЖОБАСЫНА ҚОЛДАУ БІЛДІРДІ

Түркістан облысында «Ішімдіксіз ауыл» жобасына 30-ға тарта ауыл қолдау көрсетті. Бұл ауылдар арасында Ордабаасы мен Мақтарал аудандарында 5 ауыл, Келесте 4, Сайрамда 3, Қазығұрт, Төлеби, Сауранда 2, ал Отырар, Жетісай, Арыста 1 ауыл тұрғындары спирттік ішімдік сатудан бас тартты. Мысалы, Сауран ауданының «Нұртас» елдімекенінде 1835 адам тұрады. Ауылда 1 мектеп, 2 балабақша және 3 дүкен бар. Тұрғындар негізінен мал шаруашылығымен айналысады, сондай-ақ құрт пен май дайындайды. Ауылдың өмірі табиғи және ұлттық дәстүрлерге сәйкес қалыптасқан. Ақсақалдар жастарға өнегелі тәрбие беріп, олар да алған білімдерін ауылды дамытып, көркейту жолында қолдануда.

Бұл үйлесімді өмір салтының нәтижесінде аталған 30-ға жуық ауылда соңғы бірнеше жыл бойы қылмыс тіркелмеген. «Ішімдіксіз ауыл» жобасы қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздікті нығайтуға оң әсерін тигізуде.

ГАЗ ТҰТЫНУДА АРНАЙЫ АЙ САЙЫНҒЫ ЖЕҢІЛДІК БАР

Шымкент қаласында атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) және тұрғын үй көмегін алушыларға арналған жаңа жеңілдікті пилоттық жоба басталды. Бұл жоба «QazaqGaz Аймақ» АҚ және Шымкент қаласы әкімдігінің қолдауымен іске асырылып, газға ай сайынғы жеңілдіктерді «Әлеуметтік әмиян» қызметі арқылы ұсынады. Жеңілдіктер eGov Mobile қосымшасы арқылы берілетін ваучер түрінде ұсынылады.

2024 жылдың желтоқсанынан бастап, 2025 жылдың сәуіріне дейін бұл жеңілдіктерді алу үшін, АӘК және тұрғын үй көмегін алушыларға 1414 нөмірі арқылы ай сайын SMS жіберіледі. Жеңілдік мөлшері газға есептелген соманың 24%-на дейін жетуі мүмкін және бұл жеңілдік әкімдік бекіткен тұтыну нормасына сай берілетін газ көлеміне байланысты болады. Жеңілдікті алу үшін тұтынушылар тек тұрғылықты мекен-жайын көрсетіп, өтініш беруі қажет.

Бұл жоба Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан» Жолдауына сәйкес жүзеге асырылып, мемлекеттік қолдаудың маңыздылығын көрсетеді. Пилоттық жоба бес ай ішінде жүзеге асырылып, оның нәтижелері бойынша одан әрі шешімдер қабылданады.

Толық ақпаратты және бейнемазмұнды «QazaqGaz Аймақ» АҚ сенім телефоны арқылы немесе aimaq.kz сайтынан алуға болады.

Аружан МАТТАЙ.

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫНДА ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫН ДАМУ ТҰРАСЫНДА ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫН ДАМУ ТҰРАСЫНДА ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫН ДАМУ ТҰРАСЫНДА ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫН

Олжас Бектенов: «Мемлекет басшысы 2029 жылға дейін жаңадан 111 млн шаршы метр тұрғын үй салу міндетін қойды. Бұл міндет жүйелі негізде және кезең-кезеңімен орындалуы тиіс.

«Мен тізімдерді түгендеп, бір жүйеге келтіруді тапсырған болатынмын. Бірақ, бұл жұмыс өлі аяқталған жоқ. Сондықтан оны тездету керек. Баспана кезегінде, шынымен мұқтаж азаматтар ғана болу керек», - деп атап өтті Олжас Бектенов.

Премьер – Министр: «Соңғы жылдары ереже талаптарының бұзылуына және құрылыс нысандарының уақтылы іске қосылмауына қатысты шағымдар саны көбейіп барады. Бұл мәселелерді жүйелі түрде шешу қажет. Жаңа Құрылыс кодексінің жобасында құрылыс сапасына бақылауды күшейту, саланы цифрландыру, сәулеттік қадағалаудың тиімділігін арттыру бойынша шаралар кешені көзделді»

Премьер-министр тапсырмалары: * неркәсіп және құрылыс министрлігі өңір әкімдіктерімен бірлесіп, тұрғын үйлер мен инженерлік желілерді іске қосудың биылғы және 2025 жылға арналған жоспарларының орындалуын қамтамасыз етсін;

* жаңа ипотекалық бағдарламаларды және құрылыстың болжамды өсімін ескере отырып, жауапты министрлік мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп, құрылыс және коммуналдық секторлар жобаларындағы отандық материалдар үлесін арттыруын қамтамасыз етсін. Сондай-ақ құрылыс материалдарын өндіру бойынша жоспарланған жобаларды 2025 жылы іске қосу қажет;

* Ғылым және жоғары білім, Оқу-ағарту, неркәсіп және құрылыс, Еңбек министрліктеріне нарықтың сұранысын ескере отырып, осы мамандарды даярлау мәселелерін пысықтауы қажет – 2030 жылға дейін құрылыс саласына 200 мыңнан астам білікті маман қажет болады.

Шекара маңындағы көлік-логистикалық хабтар құру шикізаттық емес тауарлардың экспортын 30%-ға арттырады

Индустриялық сауда-логистикалық кешен Қазақстан тарапынан «Қарасу» және Қырғызстан тарапынан «Ақ-тілек» транзиттік өткізу пункттерінің біріне жақын орналасқан.

* збекстанмен шекарадағы «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығы жүк ағындарын өңдеу және дистрибуциялау, сондай-ақ «Солтүстік—Оңтүстік» дәлізі шеңберіндегі өндірістік кооперация бойынша өңірдегі ең ірі алаңға айналады.

* «Еуразия» трансшекаралық сауда орталығы Орынбор, Саратов, Самара қалаларына және одан әрі Ресей Федерациясының ірі федералды округтері мен Шығыс Еуропа елдеріне шығатын жүк ағындарының түйінді нүктесі саналатын Орал қаласының өуежайына іргелес аумақта орналасатын болады.

* Қорғас торабы Қазақстанның транзиттік әлеуетін кеңейтудің ажырамас элементі саналады, сондай-ақ ҚХР-дың «Бір белдеу — бір жол» жаһандық тұжырымдамасының бөлігі болып табылады, онда географиялық жағдайы, Еуропа мен Таяу Шығыс елдеріне шығатын инфрақұрылымдық әлеуеті ескеріледі.

* Каспий торабы 100 млн-нан астам халқы бар Каспий маңы аймағының елдеріне (Өзбекстан, Түрікменстан, Иран, РФ) бағытталған. Жоба контейнерлерді сақтауға және теміржол вагондарынан теңіз контейнерлеріне қайта тиенуге арналған алаң салуды, сондай-ақ оларды өңдеу бойынша сапалы сервис ұсынуды көздейді.

Ақтау портында контейнерлік хаб салу бойынша жобаны іске асыру басталды. Жұмыстың аяқталуы келесі жылдың соңына жоспарланған. Оны іске асыру порттың өткізу мүмкіндігін жылына 250 мың ЖФБ-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Құрық портына келетін болсақ, биыл қуаты жылына 1 млн



тонна болатын жаңа астық терминалы іске қосылды.

* Қорғас торабы бойынша «SKYHAN-SA» ЖШС қазақстандық-германдық бірлескен кәсіпорны жүк-жөлаушылар өуежайының жобасын іске асыру бойынша жұмыс бастады. «Қорғас» АЭА аумағында жүк терминалын, кедендік бақылау аймағын, жанармай қоймасын, өуе кемелеріне қызмет көрсетуге арналған авиациялық-техникалық орталықты және жүк өуекомпаниясын қамтитын авиация хабын құру жоспарлануда. тікізу мүмкіндігін арттыру үшін Алтынкөл стансасын жаңғырту жоспарланған.

* Осындай жұмысты Қырғызстанмен шекарада орналасқан Индустриялық сауда-логистикалық кешенде де жүргізу көзделген. Ал «Еуразия» трансшекаралық сауда орталығы мен «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығында өткізу мүмкіндігін арттыру мақсатында «Подстепное — Федоровка» (144 км) автомобиль жолы жөндеу және «Дарбаз — Мақтарал» (152 км) теміржол желісінің құрылысын жүргізу күтіліп отыр.

Астана.

6 МЛН ЖУЫҚ ТУРИСТ: ҚАЗАҚСТАНДА ІШКІ ТУРИСТЕР САНЫ АРТТЫ

Ресми статистикалық мәліметтерге сәйкес, биылғы қаңтар-қыркүйек аралығында 5 млн 973 мың қазақстандық ел ішінде саяхаттаған. Ішкі туристер саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 562 мың адамға артқан. 2023 жылы осы көрсеткіш 5,4 млн адамды құрады, деп хабарлайды ҚР Туризм және спорт министрлігі.

Алматы, Астана қалалары мен Ақмола облысы ішкі туризм бағыттары арасында көш бастап тұр. Бұл аймақтар туристерді ерекше табиғатымен, дамыған инфрақұрылымымен және алуан түрлі туристік мүмкіндіктерімен тартып келеді.

«Ішкі туристер санының артуы қазақстандықтардың ел бойынша жиі саяхаттайтынын көрсетеді. Яғни, өз елін танып-білуге деген қызығушылығының артқанын байқауға болады. Ішкі туризмді әр азамат үшін қолжетімді, тартымды және жайлы етуге жұмыстар жасалуда. Осы мақсатта инфрақұрылымды дамытып, жаңа бастамаларды қолдап келеміз», — деді Туризм индустриясы комитетінің төрағасы Нұртас Кәріпбаев.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК БАҒЫТТАРЫ ОҢТАЙЛАНДЫРЫЛДЫ

№150 автобус маршруты



№139 автобус маршруты: Жаңақұрылыс — Әбдіров көшелерінің қиылысына дейін ұзартылды.

№42 автобус маршруты: Бәйдібек би — Н.На-

қала тұрғындарының ұсыныстары мен өтініштері негізінде қоғамдық көлік бағыттарын оңтайландыру жұмыстары жалғасуда. Зерделеу нәтижесінде келесідей өзгерістер енгізілді:

№92 автобус маршруты: тұрғындардың өтінішіне сәйкес, Д.Қонаев мектебіне дейін ұзартылды.

№150 автобус маршруты: жол қозғалысының ашылуына байланысты Иманғара көшесімен ұйымдастырылды.

З а р б а е в даңғылы қиылысында 3.19 «Кері бұрылуға тыйым салынады» және 4.1.1 «Тіке қозғалыс» жол белгілерінің орнатылуына байланысты Т.Назарбеков көшесінен Ж.Шанин көшесіне қарай сызбасы ұйымдастырылды.

Қоғамдық көлік қызметін жақсарту бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасатын болады. Жолаушылардың талаптары мен ұсыныстары басты назарда.

ТҰРҒЫН ҮЙ САЯСАТЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Бұл заң жобасындағы өзгерістер мен толықтырулар Қазақстандағы тұрғын үй саясатын қайта құрылымдауға бағытталған және азаматтардың тұрғын үй жағдайларын жақсартуды көздейді. Ең басты жаңалықтардың бірі — «Отбасы банкі» базасында тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығының құрылуы, бұл азаматтардың тұрғын үйге қатысты мәліметтерін біріктіретін және мемлекеттік деректер базасымен байланысатын жаңа ақпараттық жүйені қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, заң жобасы тұрғын үйге мұқтаж азаматтардың тізіміне қосылу тәртібін жеңілдетіп, соңғы 5 жыл ішін-

де қандай да бір санатқа жататын барлық азаматтардың тұрғын үйге кезекке тұру құқығын береді. Бұл шара, әсіресе, тұрғын үйі жоқ адамдарға қолайлы жағдай жасайды. Сонымен қатар, мемлекеттік қолдау шараларының жаңа моделінде тұрғын үйді бөлу кіріс деңгейіне және кезекке қою күніне байланысты жүзеге асырылады.

Апатты деп танылған баспанасы бар азаматтарға сатып алу құқығынсыз жалдамалы тұрғын үйді жекешелендіру мүмкіндігі де ұсынылады, бұл көп азаматтардың баспаналы болуына мүмкіндік береді. Ең соңында, заң жобасы күшіне енгеннен кейін, «Отбасы банкінің» жаңа

функциялары алты ай ішінде іске қосылады.

Сонымен қатар, Шымкент қаласында 35 жасқа дейінгі жұмыс істейтін жастарды баспанамен қамтуға арналған бағдарлама бойынша өткізілген конкурста 3852 өтінім түскен.

тінімдер жұмыс күндері қаралады. «Жастар» бағдарламасы балдық жүйе арқылы жүзеге асырылады. Конкурс нәтижесі түскен өтінімдердің қаралу уақытына қарай ауқымдылығына байланысты 55 жұмыс күнде шығарылады.

Айта кетейік, «Жастар» бағдарламасына өтінім қабылдау 2024 жылдың 27 қарашада сағат 9:00-ден 29 қарашада сағат 19:00-ге дейін жүргізілді.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ АЯСЫНДА КӘСІБІН АШҚАН АНА

Шымкент қаласының тұрғыны Раушан Жантөреқызы көпбалалы ана ретінде мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың арқасында өз кәсібін ашып, жаңа бағытта жұмыс істеуді қолға алды. Биыл ол мемлекеттен 400 АЕК көлемінде қайтарымсыз грант алып, кептірілген жеміс сату-ды бастады. Раушанның бұл кәсібі — тек отбасының әл-ауқатын арттыруға емес, сонымен қатар денсаулықты сақтау мәселесіне де бағытталған. Балаларының денсаулығына алаңдаған көпбалалы ана зиянды тағамдарды табиғи өнімдермен алмастыруды ойлап, осы шешімін кәсіпке айналдырды. Оның басты мақсаты — сапалы әрі табиғи өнімдерді ұсынып, халықтың денсаулығын жақсартуға үлес қосу.

Раушан грантқа өтінішті Еңбек.кз порталы арқылы беріп, кәсіптік жобасын комиссия алдында сәтті қорғаған. Оған бөлінген қаражатқа 48 сәуірлік кептіру құрылғысын сатып алып, өз бизнесін бастап, табиғи кептірілген жемістер мен чипстер дайындауға кірісті. Қазіргі таңда Раушанның өнімдері әлеуметтік желілер арқылы кеңінен сатылуда, ал оның кептірілген жемістері мен чипстері балалармен қатар, ересектер тарапынан да сұранысқа ие. Әсіресе, иммунитетті нығайтатын дәрумендерге бай табиғи шайлар қазіргі қоғамда үлкен қызығушылық тудырып отыр.

Табиғи өнімдерге сұраныс күннен-күнге артып келеді. Бұл Раушан үшін кәсіпті кеңейту мүмкіндігін ашады. Алдағы уақытта ол мемлекеттік қолдау бағдарламалары арқылы кәсіпорнын кеңейтіп, жаңа жұмыс орындарын ашуды жоспарлап отыр. Раушанның бұл бастамасы өз отбасы үшін ғана емес, қоғам үшін де пайдалы боларына сенімді. Оның өмірі мен ісі көптеген көпбалалы аналар мен кәсіпкерлікке қадам басқысы келетін азаматтарға үлгі болуда.

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІ ТІРКЕУ ЖӘНЕ САТЫП АЛУ-САТУ КЕЛІСІМ ШАРТЫ ХҚҚО-ДА РӘСІМДЕЛЕДІ



Шымкент қаласының Қаратау ауданында орналасқан «Бозарық-3» шағынауданына табиғи газ тарту жұмыстары аяқталды. Бұл шараға Шымкент қаласының әкімі Фабит Сыздықбеков пен «QazaqGaz Aim-aq» АҚ басшылығы қатысып, шамамен 700 тұрғын үйді газбен қамтамасыз ету мүмкіндігін ашты.

Фабит Сыздықбеков газдандырудың тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға маңызды үлес қосатынын атап өтіп, бұл шараның Шымкент қаласын табиғи газбен толық қамтамасыз ету жөніндегі ауқымды бағдарламаның бір бөлігі екенін айтты. Сонымен қатар, ол қала тұрғындарын ауызсу мен электр энергиясымен қамту жұмыстарын биыл желтоқсан айында аяқтауды жоспарлап отырғанын мәлімдеді. Бұған дейін осы жылы «Қайнарбұлақ-1», «Қаратөбе» және «Бозарық-2» тұрғын алаптарының тұрғындары да табиғи газға қосылды. Жыл соңына дейін, сондай-ақ, «Қайнарбұлақ-2», «Қайтпас-1», «Ынтымақ», «Тассай» және «Еламан» шағынаудандарында да газ қосу жоспарланған.

ЖАҢА ӨРТ СӨНДІРУ ДЕПОСЫ АШЫЛДЫ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен өңірлердің, елді мекендердің инфрақұрылымын жақсартып, тұрғындардың өмір сапасын көтеру жұмыстары жалғасуда. Осы ретте Түркістан облысы, Сауран ауданы, Ораңғай ауылында № 41 өрт сөндіру депосының жаңа ғимараты пайдалануға берілді. Жаңа өрт сөндіру бекетінің



ашылу салтанатына ҚР Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов, Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды, азаматтық қорғау органдарының ардагерлері және басқа да құрметті қонақтар қатысты. нір басшысы көпшілікті құттықтады.

— Түркістан облысының төтенше жағдайлар қызметкерлерінің материалдық-техникалық жарақтануы облыс әкімдігінің назарында тұр. Тұрақты қолдау көрсетілуде. Бұл өрт сөндіру бекетінің орны айрықша. Себебі, мұнда арнайы экономикалық аймақ құрылып, өндіріс орындары ашылады. Бүгін тапсырылған бекетке осы зауыттар мен кәсіпорындардың, жақын маңдағы елді мекендердің өрт қауіпсіздігін сақтау міндеті жүктеліп отыр. Бұл міндетті абыроймен атқаратындарыңызға сенімдіміз! — деді Дархан Сатыбалды.

Жаңа өрт сөндіру депосы «Туған» арнайы экономикалық аймағында салын-

ды, ол аталған аймақ пен жақын орналасқан елді мекендердің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Жергілікті бюджет есебінен салынған бұл өрт сөндіру депосы төрт өрт сөндіру көлігімен қамтылған. Екі қабатты өрт сөндіру депосында өрт сөндірушілер үшін барлық жағдай жасалған. Оқу саныбы, демалыс, жатын, ас бөлмесі, спорт және конференция залы, техникалық үй-жайлар, сондай-ақ жеке құрамның кәсіби даярлығын арттыру үшін оқу-жаттығу мұнарасы қарастырылған.

Жаңа өрт сөндіру депосында 50 өрт сөндіруші қызмет атқарады. Аталған өрт сөндіру бөлімі заманауи өрт сөндіру техникаларымен қамтамасыз етілген. Жаңа өрт сөндіру депосы өрт сөндірушілердің қызмет атқару және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Салтанатты шара жаңа депоның аумағына ағаш отырғызу рәсіміне ұласты.

Бетті жинақтаған: Аружан МАТТАЙ.

Өткен аптада өзінің ұзақ жылдар қызмет еткен Бөген ауылында Әйтiмбет Ералиевтің 100 жылдығы аталып өтті. Әйтiмбет Ералиев Төлеби ауданына қарасты «Қызыл Жалау» ұжымдық шаруашылығында дүниеге келіп, кейін Бәйдібек ауданындағы «Бөген» совхозын 12 жыл бойы басқарған, өз заманындағы кемеңгер әрі ұлы еңбеккер тұлға ретінде ел есінде қалған азамат. Оның атқарған еңбегін ұрпағы мен жерлестері ерекше құрметпен еске алып, үлкен іс-шаралар ұйымдастырды.

Әйтiмбет Ералиевтің өмір жолы, әсіресе Бөген аймағын көтеру жолындағы ұлағатты ісі әлі де ұмытылмаған. Мыңбұлақ ауылдық округінің бір кездері мал шаруашылығы мен инфрақұрылымы жақсы дамыған, өркениеттен қалыс қалмаған мекен болғаны, көпшіліктің есінде. Ол еңбек еткен кезеңнің қиындығына қарамастан, ауылға түрлену мен даму әкелді. Бөген ауылында мектеп, балабақша және асфальт жолдар бой көтеріп, жергілікті халықтың тұрмыс деңгейі айтарлықтай жақсарды.

БӨГЕН КЕШАРЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРДІН СЕБЕПКЕРІ

Арыстанды-Қарабас желінің өтін-

ӘЙТІМБЕТ ЕРАЛИЕВКЕ - 100 ЖЫЛ:

Еңбегімен ер сыйлы



жағдайын жақсартуға, шаруалардың тұрмысы мен жұмысын жеңілдетуге ұмтылды. Ол кеңшарды алдыңғы қатарлы аймақтардың қатарына қосып, тұрғындарға әртүрлі жеңілдіктер мен мүмкіндіктер ұсынды. Әсіресе, ауылда заман талабына сай үйлер тұрғызып, әлеуметтік нысандардың мәселесін шешу жұмыстары маңызды орын алды. Әйтiмбет Ералиевтің жүйемен жасаған жұмыстары, ха-

орай, 1987 жылы жүрек талмасынан өмірден өтті. Бірақ оның артында қалдырған мұрасы — еңбекқорлық пен адалдықтың үлгісі — әлі күнге дейін Бөген жұртшылығының есінде сақталып отыр.

ҚҰРМЕТТІ ТҰЛҒАНЫН ЕСІМІ МӘНГІЛІККЕ ЕСТЕ ҚАЛДЫ

Бөген ауылының көшелерінің біріне Әйтiмбет Ералиевтің есімі беріл-

ныпқа да айрықша назар аударылды. Осы сыныпта білім алатын оқушылар мен мұғалімдер оның есімін

мәңгі есте сақтау мақсатында өз ризашылықтарын білдіріп, концерттік бағдарлама ұйымдастырды.

Әйтiмбет Ералиевтің ұрпағы Бөген мектебінде бір сыныпты жабдықтап, бұрынғы жасаған қайырымдылығын қайтадан қайталап, оқушыларға білім нәрін сыйлады. Бұл болашақ ұрпақ үшін үлкен инвестиция екенін айтқан ұрпақтары өздерінің әкелерінің, аталарының еңбегін ескеріп, құрмет көрсетті.

ЖАҚСЫНЫ АТЫ ҰРПАҚ ЖАДЫНДА

Бұл шарада айтылғандай, «Еңбегімен ер сыйлы» деген мақал Әйтiмбет Ералиевке арналып айтылғандай. Ғұмырын тек халықтың дамуына арнаған азаматтың 100 жылдығы осылайша айрықша аталып өтілді. Іс-шара барысында волейболдан жарыс өткізіліп, кейін халыққа ас беріліп, дұға бағышталды. Жұртшылықтың ұмытылмас естеліктері ас үстінде айтылып, оның атқарған жұмыстары мен халыққа деген қызметі жоғары бағаланды.

Салтанатты шара барысында ауыл тұрғындары Әйтiмбет Ералиевтің сіңірген еңбегінің алғысы ретінде немересіне ат мінгізді. Бұл да бір халықтың



де орналасқан Мыңбұлақ ауылдық округі кезінде мал шаруашылығы дамыған, инфрақұрылымы озық мекен болған. Ең қиын кезеңде типтік мектеп салынып, балабақша бой көтеріпті. Жолы асфальттанып, өркениеттен қалыс қалмаған. Орасан еңбектің артында - Әйтiмбет Ералиев тұр. Әйтiмбет Ералиев Бөген совхозын басқарып тұрған кезінде елдің

лықтың игілігіне атқарған істері кейінгі ұрпаққа өшпес із қалдырды.

Совхоздың көрсеткіші облыс бойынша жоғарылап, жергілікті жұртшылықтың көңілі толды. Алайда, Ералиевтің өмірінде тек еңбек емес, сонымен қатар ауыр кезеңдер де болды. Ауыр науқасты басынан өткере жүріп, ол өз міндетін адал атқарып, қайсарлықпен еңбек етті. кінішке

ген болатын. 2007 жылы ескерткіш тақта орнатылып, мектептің ішіндегі сыныптар қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталды. Биыл бұл игі іс қайта жаңартылып, бұрынғы әріптестері, жергілікті тұрғындар мен ұрпағы ұйымдасып, үлкен еске алу шарасын өткізді. Қатал мінезді, ұйымдастырушылық қабілеті зор болған қайраткердің атымен аталған сы-

ел азаматына деген құрметін көрсетті.

Ералиевтің есімі тек Бөген аймағында гана емес, бүкіл ел тарихында алтын әріппен жазылып қалды. Әйтiмбет Ералиевтің еңбек жолы мен қайраткерлік қызметі — болашақ ұрпаққа үлгі-өнеге. Өмір бойы халықтың игілігі үшін еңбек еткен қайраткердің есімі әрдайым ел есінде мәңгі сақталады.

Бағлан БАЙКӨБЕКҚЫЗЫ.

Қазақстандағы ең ірі жылыжай кешені Келес

ауданында салынууда. Бұл жылыжай қазақстандық инвесторлардың, Қазақстанның Даму Банкінің (ҚДБ) қатысуымен және ресейлік «ЭКО-культура» холдингінің зияткерлік және технологиялық қолдауымен құрылған. Жедел басқаруды орталықтандырылған қазақстандық басқарушы компания жүзеге асыратын болады. Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды Ақтөбе ауылдық округінде орналасқан «ECOCULTURE-EUR-

КЕЛЕСТЕ ЕЛІМІЗДЕГІ ЕҢ ІРІ ЖЫЛЫЖАЙ КЕШЕНІ САЛЫНУДА

ASIA» ЖШС-не барып, компанияның өкілдерімен кездесті. Кездесу барысында өңір басшысы бұл жобаның аса маңызды екенін айтып, аймақта агроөнеркәсіп кластері дамитынын жеткізді. Жобаны жан-жақты қолдауға дайын екендігін атап өтті. Сонымен қоса, өңір басшысы жылыжайдың құрылыс жұмыстарының барысын да бақылады.

Осы жобаны іске қосу арқылы өңірде ішкі нарықты отандық өнімдермен қамтамасыз

ету көлемін арттыру, жаңа жұмыс орындарын ашу және халықтың әл-ауқатын көтеру міндеті жүктелген. Бұл әріптестік жоба агросаланы дамытуға серпін беріп қана қоймай, жергілікті халықты тұрақты жұмыспен, жоғары жалақымен қамтымақ.

500 гектар аумақта орналасатын өнеркәсіптік жылыжайлар жобасы «ЭКО-культура» компаниясының қолдауымен жүзеге асады. Жоба екі кезеңмен жүзеге асырылууда. 1 кезе-

ңінің құрылысы 2023 жылы басталды. 2025 жылдың II тоқсанында аяқталады. Ал екінші кезеңінің құрылысы 2025 жылдың III тоқсанында тапсырылмақ.

Жылыжай кешенінің жалпы ауданы 51,88 гектарды құрайды. Жоспарланған өндіріс көлеміне келсек, жоба толық жүзеге асқанда жылына 27 мың тонна көкөніс өсіреді. Мыңнан астам жұмыс орны ашылады. Жылыжай кешенінің бірқатар артықшылықта-

ры бар. Мәселен, мұнда бір уақытта әртүрлі қызанақтың және басқа да дақылдардың 12 буданы мен сұрыбын өсіруге болады. Жылдың кез келген уақытында жаңа, дәмді және пайдалы көкөністер береді.

Жылыжай кешендері жылыту жүйесі мен салқындату реттейтін, жарық режимін, тамшылатып суаруды, атмосферадағы көмірқышқыл газының мөлшерін басқаратын автоматтандырылған климаттық бақылау жүйесімен жабдықталады деп жоспарланған.

ҚАЗАҚ-КОРЕЙ БІРЛЕСКЕН БІЛІМ ОРДАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРУДЕ



Түркістан облысында Оңтүстік Кореяның жетекші оқу орындарының бірі Woosong университетінің филиалын ашу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қазақ-корей бірлескен білім ордасы Түркістан қаласының әкімшілік-іскерлік орталығында орналасады. Бүгін облыс әкімі Дархан Сатыбалды облыс орталығындағы құрылыс алаңдарын аралап, жұмыстардың барысын бақылады. Ұр басшысы 18 қабатты гимараттағы құрылыс жұмыстарының барысын пысықтап, нақты тапсырмалар берді.


Жауапты басшылармен кездесіп, құрылысты мерзімінде аяқтауды тапсырды. Ақпараттық технологиялар университетінің ашылуы келер жылдың қыркүйек айына жоспарланған.

Жоба «Түркістан» ӘКК» АҚ мен серіктес «BOLD Construction Group» ЖШС арасындағы инвестициялық жобаны іске асыру бойынша бірлескен қызмет туралы шарт негізінде іске асырылады. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев білім сапасын арттыру үшін әлемдегі озық жоғары оқу орындарының филиалдарын елімізде көптеп ашуды тапсырғаны белгілі. Бұл ең алдымен білікті мамандарды оқытып шығаруға, жоғары технология-

ларды игеруге жол ашады.

Айта кету керек, Woosong University — Оңтүстік Кореяда Теждон қаласында орналасқан және әйгілі WOOSONG білім беру қорына тиесілі университет. 70 жылдық тарихы бар ЖОО-да 12 000-нан астам студент білім алуда, 780 профессор біліктілігін арттыруда. Woosong кәсіби және оқу базасын дамыта отырып, әлемнің 67 еліндегі 430 білім беру мекемесімен ынтымақтасады.

Жасанды интеллект, яғни адамның ойлау процесін компьютерлік жүйелермен модельдеу бойынша инновациялық зертханалар жұмыс істейді. Киберқауіпсіздік бойынша да мамандарға сұраныс артқан. Түлектер басқару мен өндіріс саласын бірге меңгереді. Осы бағытта Түркістан өңіріне ыңғайластырып, ауыл шаруашылығындағы ақпараттық жүйелер саласын жетілдіруге күш салынбақ.



ТҮРКИЯЛЫҚ ИНВЕТОР ТҮРКІСТАНДА ЗАУЫТ САЛАДЫ

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды Түркиялық «EsVilla Prefabrik Hafif Zelik Yapı Sistemleri Ltd. Fti.» компаниясының бас директоры Ибрагим Туюлюді қабылдады. Кездесу барысында Түркістанда жаңа зауыт салу мәселесі талқыланды.

Дархан Сатыбалды Түркістан қаласының Түркі өлемі үшін тарихи маңызын атап өтті: «Түркістан — Тұран даласындағы ең көне қалалардың бірі. Мұнда Ахмет Ясауи бабамыз өмір сүріп, Қазақ хандығының астанасы болған. Бұл шаһардың облыс орталығына айналуы жаңа инвестициялық жобаларды

іске асыру үшін қолайлы жағдайлар жасады. Түркиялық инвесторлармен ынтымақтастыққа әрқашан дайынбыз», — деді ол.

Ибрагим Туюлю Түркістан облысы әкімдігінің делегациясымен Түркияда кездесіп, жобалар туралы пікір алмасқанын айтты. «Түркістанның инвести-

циялық әлеуеті туралы ақпарат алдық. Осыны өз көзіммен көру үшін арнайы келіп отырмын. Біз жеделсаты өндірісін жолға қоюды жоспарлап отырмыз. Бұл жобаны тез арада жүзеге асырып, қазақ жастарына жұмыс орындарын ұсынамыз», — деді инвестор.

Сонымен қатар, Түркістан облысында арнайы экономикалық және индустриалды аймақтарда кәсіпорындар ашу бойынша жұмыстар жалғасып жатыр. Биылғы жылы аймаққа 888,5 миллиард теңге инвестиция тартылған, бұл өткен жылмен салыстырғанда 17,7%-ға артық.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА БЕС ІРІ СУ ЖОБАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ

Түркістан облысында суармалы жер көлемі 552 мың гектарды құрайды, бұл республикадағы суармалы жердің төрттен бір бөлігін қамтиды. Ұрдің негізгі экономикалық салаларының бірі — ауыл шаруашылығы болғандықтан, су нысандарының инфрақұрылымын дамыту, жөндеу және тазалау мәселелері аса маңызды. Осы бағыттағы жұмыстар облыс әкімдігінде өткен мәжілісте талқыланды.

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды су үнемдеу технологияларын енгізу және су нысандарын ретке келтіру қажеттігін атап өтіп, тиісті органдарға тапсырмалар берді. «Су тапшылығы мәселесі жыл сайын шиеленісіп барады. Сондықтан су үнемдеу технологияларын енгізуді жеделдетіп, ағын су мәселесін шешетін жобаларды уақытында жүзеге асыру қажет. Су арналары мен каналдарды жөндеп, тазалау жұмыстарын бастау керек», — деді Дархан Сатыбалды.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрбек Бадырақовтың мәліметінше, биыл облыстық бюджеттен жалпы 9,4 миллиард теңге бөлініп, 11 су нысанына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, 939 шақырым қашыртқылар механикалық тазалаудан өтуде. Бұл жұмыстар нәтижесінде 7,8 мың гектар суармалы жердің сумен қамтамасыз етілуі және 19,1 мың

гектар жердің мелиоративтік жағдайы жақсарады.

«Түркістан магистралды каналын күрделі жөндеу»,

«Арыс магистралды каналын күрделі жөндеу» және «Қараспан магистралды каналын күрделі жөндеу» жобалары жүзеге асырылып, өңірге қосымша 233 миллион м3 ағын су жеткізу мүмкіндігі пайда болады. «Түркістан магистралды каналын күрделі жөндеу» жобасының 2 кезеңі бойынша құжаттама дайын. Жоба құны — 11,5 миллиард теңге. Бұл жобада 25 су өткізу құрылымы автоматтандырылып, 24,9 шақырым канал бетондалып, жылына 29 миллион м3 ағын су үнемделеді.

Сондай-ақ, көктемгі су тасқынын алдын алу және шаруаларға сапалы ағын су жеткізу мақсатында «Тұран су» ШЖҚ МКК теңгеріміндегі техникалармен аудан және қала аумағында ұзындығы 371,5 шақырым канал мен 136,7 шақырым қашыртқы тазаланған.

Облыста су үнемдеу технологияларын дамыту үшін 3 жергілікті кәсіпорын іске қосылды. Жоба құны — 12 миллиард теңге, ал кәсіпорындардың жылдық қуаттылығы 73 мың гектарды құрайды.

Жиында сондай-ақ, облыстық құрылыс басқармасының басшысы міндетін атқарушы Абай Тұрханов өңірде 45,7 миллиард теңгеге бес ірі су жобасы жүзеге асырылып жатқанын мәлімдеді. Бұл жобалардың ішінде «Бәйдібек ата» және «Кеңсай - Қосқорған - 2» су қоймаларының құрылысы жүріп жатыр.

ЕКІ ЖЫЛДА 6 АГТС САЛЫНДЫ

Түркістан облысында елді мекендерді газбен қамту жұмысы өте қарқынды. Екі жылда 6 автоматтандырылған газ тарату станциясы ел игілігіне тапсырылып, газ желілері ұзарды. Солардың бірі Мақтаарал ауданы, Игілік елді мекенінде орналасқан. Аталған маңызды нысанға Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды арнайы барып, АГТС-тың жайкүйімен танысты. Тұрғындарды құттықтады.

— Ұрде елді мекендерді газбен қамту жұмысы жалғасады. Газ тарату станциялары салынып, аймақтың инфрақұрылымы жақсара түс-

ті. Бұның бәрі мемлекеттік қолдаудың нәтижесі, — деген облыс әкімі тұрғындармен жүздесіп, пікір алмасты. Жауапты басқарма басшысы мен аудан әкіміне газдандыру бағытындағы жұмысты жүйелі түрде атқаруды тапсырды.

«Мақтаарал» автоматтандырылған газ тарату станциясы арқылы ауданды газбен қамту көрсеткіші жақсара түскен. Жалпы бүгінде аудан халқының 75,6%-ы газбен қамтылған. Тұрғындарды 100% қамту үшін қосымша автоматтандырылған газ

тарту станциясы салынып, 19 елді мекенде ішкі газ жүйелерінің құрылысы жүргізілуде. Ол үшін 2024 жылға 4,7 млрд. теңге қаржы бөлінді. Тағы 4 елді мекеннің ішкі газ жүйелерінің құрылысына ЖСК өзірленіп, сараптама қорытындысы алынып, қаржы бөлуге ұсынылған.

Айта кетейік, елді мекендерді газбен қамту жұмыстары бойынша Түркістан облысы республикада үздіктер қатарында келеді. Екі жылда 187 мың тұрғын, 90 мыңнан астам тұрғын табиғи газға қосылды.

ЖЕТІСАЙДА ТӘУЛІГІНЕ 800 ЖҰП АЯҚ КИІМ ШЫҒАРЫЛАДЫ

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды Жетісай ауданына жасаған іссапарын Ш.Ділдәбеков ауылдық округіндегі аяқ киім шығаратын шағын цехтың жұмысымен танысудан бастады.

Бүгінде Сөкен Шораевтың басшылығындағы «Sh.S.CAMY-РЫҚ» ЖШС-де 30 ауыл тұрғыны тұрақты жұмыспен қамтылған. Өндіріс орнының қуаттылығы жылына 250 мың жұп аяқ киім болса, бүгінде тәулігіне аяқ киімнің 30-ға тарта түрінен 800 жұп аяқ киім шығарылууда.

Облыс әкімі аудан, қалаларда шағын кәсіпкерлікті дамыту, цехтар мен өндіріс орындарын ашу бағытындағы жұмысты күшейтуді тапсырды.

Өндіріске қажетті негізгі шикізатты Қытай елінен алдыратын кәсіпкер кәсіпорынды іске қосу үшін жеке қаржысы есебінен 500 млн теңге инвестиция салғанын айтады. Бүгінде Жетісайдан шыққан аяқ киімдер жергілікті базарлармен қатар Астана, Алматы және Шымкент қалаларының сауда орындарында сатылууда.

Екі жылдан бері тоқтаусыз жұмыс істеп келе жатқан өндіріс орны бәсекелестікке толықтай төтеп бере алады.



Себебі өндірген өнімдерінің бағасы төмен болғанымен, сапасы жоғары. Көлемі жағынан 25 пен 45 өлшемді аяқ киімдерді тігетін өндіріс орнының басшысы алдағы уақытта кәсіпорынның ауқымын да, қуаттылығын да арттырмақ. Сол арқылы жұмысшылар санын көбейтіп, отандық өнімдерін брендке айналдыруды жоспарлап отыр.

Айта кетейік, Түркістан облысында аудан, қалалардың 2030 жылға дейінгі даму жоспары өзірленіп, қабылдануда. Ол құжаттарда өңірлік өнім көлемін ұлғайту, өндіріс орындарын көбейтуге басымдық берілген. Ал облыстық деңгейде, өңірдің өркендеуіне тың серпін беретін энергетика, агроөнеркәсіптік кешен, өндіріс және қайта өңдеу, туризм салаларында маңызды 145 инвестициялық жобалар пулы дайындалды. Аталған жобаларды жүзеге асыру арқылы 20 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашуды көзделген.

Жеңістің 80 жылдығына

Әділбек Салықбаев 1907 жылы, көзіркі Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы орналасқан Кеңгір өзенінің бойындағы ауылда дүниеге келген. Еңбек жолын Кеңгір поселкесіндегі кірпіш зауытында қатардағы жұмыскер болып бастаған. Ресей, Украина, Белорусия, Шығыс Европа елдерін фашистерден азат етуге қатысқан. Жезқазған қаласын салуға қатысқан алғашқы құрылысшының бірі. «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген құрылысшысы». Ұлы Отан соғысындағы ерліктері мен бейбіт өмірдегі жетістіктері үшін бірнеше орден мен медальдармен марапатталған.

Әділбек - Сейіт Салықбаев (халық арасында Сейіт деп аталып кеткен), еңбек жолын 1928 жылы Жезқазған кенішінде жұмыскер болып бастаған. Бірнеше жылдан кейін, атап айтқанда 1940-1942 жылдар арасында ол Кеңгір поселкесіндегі кірпіш зауытында бригадир болып еңбек етті. Оның қолынан шыққан сапалы кірпіштерден бүгінгі үлкен Жезқазғанның ірі құрылыстары бой көтерді. Ұлы Отан соғысы басталғанда туган інісі Әбдіхалық екеуі әскери комиссариатқа барып өздерінің өтініштерімен соғысқа аттанады. Қанды соғыстың нағыз қызған шағында қып-қызыл оттың ішіне кірді. Жаумен жағаласты. Қан майданда Әділбек Салықбаев үш рет өлім аузынан қалады. Алғашқысында майдан даласындағы қоян-қолтық шайқаста белдескенін алып ұрып, ауылдағы палуандығын жауына да танытты. Не бір алып, дәулердің ішек-қарынын ақтарып жанын жаһанамға жіберді. Жау да қарап қала ма? Қапысын тауып Әділбекке қанжарын қадайды. Жан беріп, жан алысқан шайқастан соң бірін-бірі түгендеген қатарластары майдан алаңынан оның «жансыз денесін» тауып, ауылға «Әділбек Салықбаев ерлікпен қаза тапты» деген хабар жібереді. Елдегілер оны «о дүниелік болды» деп жүргенде, ол дәрігерлердің бірнеше күрделі отасынан кейін қайта тіріліп, қатарға қосылады. Елдегілерге хат жазып, өзінің тірілігін білдіреді. Ал оның інісі Әбдіхалық майдан даласында ерлікпен қаза табады.

Әділбек Салықбаевтің соғыс жолы батырлық пен төзімділіктің үлгісі іспеттес. Атақты Курск доғасындағы шайқасқа қатынасты. Сол бір сұмдық күндері Әділбек Висло ауылындағы болған қиян-кескі аяқаста, пулеметші ретінде соңғы оқтарына дейін жауға қарсы тұрып, Отанын жанымен қорғайды. Жаудың атылған зеңбірегінен жарақат алған ол есінен айырылып майдан даласында қалады. Сол кезде, командирі оны батырлықпен қаза тапты деп есептеп, ержүрек сарбазды Висло ауылы Яковлевский ауданындағы бауырластар зиратына жерленді деген қате хабарды Әділбектің ауылына жібереді. Бұл «Әділбек Салықбаев ерлікпен қаза тапты» деген екінші қаралы хабар болатын.

Бірақ, тағдырдың сыры тереңде еді. Ажал оны кезекті рет айналып өтіп, ауыр жараланған Әділбек жау қолына түседі. Ертеректе, Жезқазған қаласының төменгі жағында орналасқан №1-ші ауылда тұратын Әділбек-Сейіт әкемізден, жау қолына қалай түскені туралы сұрағанымызда, ол кісінің айтқаны әлі есімде: - Жаудың қолына түскен пенденің жағдайы қандай болушы еді, өлім мен өмірдің арасындағы жағдай болды ғой. Шырақтарым соғыс деген пәлекеттің бетін аулақ қылсын. Соғыс - үлкен қасырет. Ел аман болсын, сендер аман болыңдар, халқымыздың бейбіт өмір сүруін Алладан сұраймын- деп, сөзін жалғастырды. Майдан даласында жарылған зеңбіріктен ауыр жарақат алып ес-түссіз жатқан мені немістер өздерімен бірге алып кетіп тұтқындар лагеріне өткізді. Көретін жарылым бар болғаны шығар, әйтпесе сол немістер мені жатқан жерімде атып кетуіне болатын еді ғой-деген ол ауыр күрсініп, сөзін аяқтады.

Ол немістердің Украинадағы әскери



уып алып госпитальге жатқызады. Ол госпитальден жазылып шығып, соғысқа қайта араласады. Смоленскі облысы, Сычевка селосындағы болған қанды қырғында Барақбай Бүкіров 25.11.1942 жылы ерлікпен қаза табады. Сычевка селосындағы майдангер бауырластар зиратына жерленеді. Немере ағасы Сәметтің Әшімханы 18 жасқа толмай соғысқа аттанған. Мәскеу түбіндегі қиян-кескі шайқасқа қатынасқан Әшімхан жау оғынан ерлікпен қаза табады. Жалғыз баласының қаралы қаза-сын естіртсек қайғыдан әкесі Сәмет пен анасы Қант өліп кетер деп, туысқандар келісіп, Әшімханның қазасын жасырып айтпайды. Андағұлов Әлім әкемізге де «ерлікпен қаза тапты»- деген қаралы қағаз келеді. Әлімнің жұбайы Күнжан әжеміз Әлім келеді деген үмітін мәңгілікке өзімен берге ала кет-

мысты жалғастыра береді-дегенді қадап айтты.

Бейбіт өмірге қайта оралған Әділбек өзінің екінші тынысын ашты. Елге келісімен «Қазмысқұрылыс» тресінде құрылысшылардың бригадирі болып еңбекке араласады. Жезқазған қаласының төменгі жағында орналасқан 1-ші ауылдан жер үй салады. Ол Қайша деген қызға үйленді. 1947 жылы олардың сүйікті қызы Балаш дүниеге келді. Осынау жылдар ішіндегі еңбегі бағаланып, бірнеше рет марапаттар мен құрметті атақтарға ие болды. Ол 1963 жылы 23 тамызда «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген құрылысшысы» деген абыройлы атақты Жезқазған қаласындағы құрылысшылар арасында ең бірінші болып иемделген азамат.

Танымал өлкетанушы С.Бүкіров өзінің естелігінде: - 1958 жылы Жезқаз-

ҚЫРЫҚ ЖЫЛ ҚЫРҒЫН БОЛСА ДА ...

тұтқындар лагерінде ауыр азаптар шегеді. 1944 жылы ерліктің үлгісіндей болған ол бірнеше тұтқындармен бірге лагерьден қашып шығып, Қызыл Армия қатарына қосылады. Тексерулер мен сынақтардан өтіп, адал қызметін дәлелдеп, жауынгерлік сапқа тұрады. Немістердің тұтқынында болған оны Совет жауынгерлерінің құрамында соғыстың алдыңғы шебіне жібереді. Кезекті қанды қырғында жарақат алған Әділбек майдан даласында қалады. Айқас сөл саябырсыған мезетте, жауынгерлерді түгендегенде, ол тірі қалғандардың арасында болмай шығады. Майдан даласынан оралмаған Ә.Салықбаевтың ауылына «ол қаза тапты» деген хабар жібереді. Бұл үшінші қарақағаз болатын. Жарақат алған ол екі күндей ладада жатып қалады. Әділбекті бұл жолы өзінің қатарластары тауып алып әскери госпитальге тапсырады. Жарақаттарынан емделіп шыққан Әділбек Салықбаев 1946 жылы өзінің туган жеріне оралады.

Елімізде Ұлы Отан соғысының отты жалыны шарпымаған шаңырақ жоқ шығар. Кеңгір өзенінің жағасын мекендеген шағын «Бекболат» ауылынан соғысқа аттанған жауынгерлердің тең жартысы майдан даласынан қайтпады. Нұрмағанбет әкеміздің туган ағасы Бүкіров Барақбай соғыста пулеметші болған. Б.Бүкіров «ерлікпен қаза тапты»- деген қаралы қағаз екі рет келген екен, біріншісінде жарақат алған оны өлгендердің санатына қосып елге қаралы хабар жібереді. Майдан даласынан жараланған оны қатарластары та-

ті. Бала кезімізде Күнжан әженің «қараша інген» деген түйесі болды. Ол түйе боталамады, әбден семірді. Қайындары семіз түйені соғымға сойайық дегеніне әжеміз көнбейтін. Сонда айтатыны: «замандасым Сейіт өлді деген қаралы қағаз үш рет келді, ал ол аман-есен оралды. Әлім тірі, ол келеді сонда тойға соймыз-дейтін. Не деген үміт, не деген жолдасына деген махаббат! Алтынбек Қоразбаевтың «Қара кемпір» өлеңі орындалғанда Күнжан әжем және балалары соғыстан қайтпаған аналардың бейнелері көз алдыма келеді.

Әділбектің соғыс жолы батырлық пен төзімділіктің, отансүйгіштіктің үлгісі. Ұлы Отан соғысында «ерлікпен қаза тапты» деген қаралы хабардың бір адамға үш рет келуінің өзі нағыз ерліктің куәсі болғандай. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген рас, қанды қырғынның ортасынан аман қалатындар болған. Сондай ажалы жетпегеннің бірі-Әділбек Салықбаев еді.

Екінші дүниежүзілік соғыстағы батырлардың ерлігі-бүгінгі және болашақ Отан қорғаушылар үшін шынайы үлгі-өнеге. Атырау қаласында өткен үшінші Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қ-Ж.К.Тоқаев: «Қазақстан әрқашан тарихи шындықты және адамзат жылнамасындағы ең қанды қасап туралы шынайы көзқарасты сақталғанын қалайды. Келесі жылы әлемде Ұлы Жеңістің 80 жылдығы кеңінен атап өтіледі. Сұрапыл соғыс кезінде аға буынның өшпес ерлігі мен ерен еңбегін ұрпақ жадында жаңғырту өте маңызды. Мемлекет бұл бағыттағы жү-

ган қалалық партия комитетінен, «Қазмысқұрылыс» тресінен өндірістік көрсеткіші жоғары бригада бригадирін КССР-ың Социалистік Еңбек Ері атағына ұсыныс жасау туралы нұсқау түсті. Трестің басшылары мен қоғамдық ұйымдар өкілдері ақылдаса келе, бұл атаққа құрылыс бригадасының бригадирі Әділбек Салықбаевтың кандидатурасы бірауыздан қолданды. Мен ол кезде трестің партия комитеті хатшысының орынбасары қызметін атқаратынмын. Тиесілі құжаттарды толтырып, қалалық партия комитетіне тапсырдық. Арада екі күн өткенде қалалық партия комитетінен Ә.Салықбаевтың өтпей қалғаны туралы хабар келді. Себебі, ол кісінің Ұлы Отан соғысында тұтқында болғаны. Сол жолы құрылысшылар бригадирі Василий Михайлович Раковский Социалистік Еңбек Ері атанды.» Бұл жолы да Әділбектің алдынан әділетсіздік шықты.

Бейбіт заманда өмірінің 40 жылға жуық уақытын құрылыс саласында қажырлы еңбек жасаған оның құстың қос қанатындай болып, қанатын кеңге жайған Жезқазған және Сәтбаев қалаларының ғимараттарында оның қол таңбалары бар.

Әділбек-Сейіт 1968 жылы құрылысшылар бригадирлік қызметінен зейнеткерлікке шығады. Аздаған малын бағып, отбасымен 1-ші ауылдағы өзі салған екі бөлмелі жер үйде тұрып жатты. Ауылдас-замандастарының: - Секе, алапат соғыстан жеңіспен оралдыңыз, бейбіт өмірде жасаған еңбегіңіз де зор, облысы немесе қала басшыларынан неге жөйлі пәтер сұрамайсыз.

